

Кыдырова Салтанат Рашидовна «6D010300 – педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне шетелдік ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазақстанның әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекегеқабилетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Осы тұрғыдан адамзат капиталын, ұлттың зияткерлік әлеуетін дамытуда, қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын сақтауда білім берудің ролін өзектілеуге бағдарлау Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрсетілген. Оған қоса Елбасының 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «ұлттық жаңғыру деген ұғым ұлттық сананың кемелденуін білдіретіндігін, Қазақстан халқының бойларында «ұлттық салт-дәстүрі, тілі мен музыкасы, әдебиеті, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухы мәңгі қалуға тиістігін» ескерсек, студенттің шығармашылық ойлауын дамытуды зерттеу қажеттігі тереңдей түседі.

Өйткені, тұлғаның шығармашылық даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі.

Осы орайда диссертант Кыдырова Салтанаттың «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты ғылыми жұмысы дер кезінде зерттелген жұмыстардың бірі деп айта аламыз. Алайда адам бұрынғы кейіпте қалып, ескіден шыға алмай, яғни бұрынғыша ойлау кеңістігінде немесе қалыптасқан өмір сүру салтында қала алмайды. Сол себепті де бұл мәселеге басқаша серпін беріп, жаңа көзқараспен қарастыру өте маңызды.

Диссертант өзінің диссертациялық зерттеуінде жоғары оқу орындарында студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында бірнеше қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетті.

Жұмыстың зерттеу проблемасы: студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау және оны практикада жүзеге асыру қажеттілігімен анықтау екендігі мәлім. Ал, зерттеудің мақсаты студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың теориялық негіздері мен психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындау, оны жүзеге асырудың әдістемесін жасау, тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексеру болып табылады.

Салтанат Рашидовна диссертациялық жұмысын жазу барысында зерттеу проблемасына қатысты зерттеу проблемасына қатысты философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау жасау; контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саласының нормативтік-құқықтық құжаттарымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; іс-әрекет нәтижелерін талдау жасау; сауалнама, тест, диагностикалық әдістеме, статистикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолданды.

Соның нәтижесінде жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың мәні анықталды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалды;
- студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі экспериментте тексерілді.

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру курстарында және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Докторанттың диссертация мазмұны бойынша 8 еңбек ғылыми журналдарда, халықаралық және шетелдік конференцияларда жарық көрген. Соның ішінде Scopus деректер қорына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шет ел басылымдарында 2 мақаласы жарияланғанын атап өтуге болады.

Кыдырова Салтанат Түркия елінде Гази Университетінде шетелдік тағылымдамадан өту кезеңінде де өзінің білімділігін, біліктілігін, ізденімпаздығын, зерттеу проблемасына аса қызығушылығын, белсенділігін, зерттеушілік қабілетінің жоғарылығын таныта білді. Сондай-ақ, зерттеу жұмысының теориялық және практикалық кезеңдерін орындауда автор ғылыми зерттеудің әдістемесін жетік меңгергендігін көрсетті.

Мен «6D010300 – педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Кыдырова Салтанаттың «Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациясын аяқталған, алынған ғылыми жаңалығы практикада негізделген, маңыздылығы зор жұмыс деп білемін. Сондықтан «жұмыс жоғары деңгейде орындалған» деп бағалаймын. Кыдырова Салтанаттың диссертациялық жұмысын «6D010300 - педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Шетелдік ғылыми кеңесшісі,
доктор, доцент Mehmet Arif Ozerbas
Gazi Üniversitesi
20.01.2021**

МЫ НАЙДЕМ ОБЩИЙ ЯЗЫК

GIT GALA TRANSLATIONS

Office 16, Miras Business Centre, 8 Azattyk ave., Atyrau, Kazakhstan
Tel/fax: +7 7122 32 16 03, mobile: +7 702 202 1788
e-mail: galatranslations@yahoo.com, web-site: galatranslations.com.kz

Құжатты түрік тілінен қазақ тіліне Ибраева Гульзада Муратовна аударды, жеке куәлік № 041611822, 2016 ж. 15 тамызда ҚР ІІМ берген. Дипломы 1997 жылғы 25 маусымдағы № ЖБ-ІІ 0173448. Аудармашы ретінде жұмысқа қабылдау туралы бұйрық 2020 ж. 22 шілдедегі №42/1.

Қолы: _____ Күні: 20.01.2021

